




Ұлытау

БЕРЕКЕ — БІРЛІКТЕ!

№30 (6590)

Сенбі

8 тамыз

2026 жыл

Газет 1940 жылдан
бастап шығады

Аймақтық қоғамдық-саяси апталық

Аудан әкімдігінде

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Аудан әкімінің төрағалығымен кеңейтілген аппарат мәжілісі өтіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме және бөлім басшылары, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Басым міндеттер айқындалды

Жиынның күн тәртібінде ауданның 2026 жылдың I жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, сондай-ақ Ұлытау және Сарысу ауылдық округтерінде атқарылған жұмыстардың қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған жоспарлар қаралды.

Мәжіліс барысында жауапты сала басшыларының баяндамалары тыңдалып, ауданның негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне жан-жақты талдау жасалды. Қорытынды бойынша 2026 жылдың алғашқы алты айында ауданның барлық негізгі салаларында жоспарлы көрсеткіштер толық орындалғаны атап өтілді. Әсіресе, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және тұрғын үйлерді пайдалануға беру бағыттарында жоспар 100 пайыздан жоғары деңгейде орындалса, құрылыс жұмыстары мен инвестиция тарту салаларында да оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Сонымен қатар, Ұлытау және Сарысу ауылдық округтерінде атқарылған жұмыстардың нәтижелері талқыланып, алдағы кезеңде жүзеге асырылатын негізгі міндеттер мен басым бағыттар айқындалды.

Жиында аудан орталығында ауыз суға деген сұраныстың артуына байланысты кейбір тұрғын үйлерде су қысымының төмендеуі мәселесі де көтерілді. Осыған байланысты аудан әкімі салаға жетекшілік ететін орынбасарына қосымша су сорғысын жедел орнатуды және ауыз су жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін жүзеге асырып отырған «Жезбұлақ» мекемесіне жүйелі жұмысты ұйымдастыру міндеттелді. Тұрғындар мен мекемелердің көрсетілген қызмет үшін төлемдерді уақытылы төлеуінің маңыздылығы да ерекше атап өтілді.

Мәжілісте «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының жүзеге асырылу барысы да сөз болды. Аудан әкімі әрбір тұрғынның өз ауласы мен үйінің айналасын таза ұстауы маңызды екенін айтып, мекеме басшыларына санитарлық тазалық пен абаттандыру жұмыстарын тұрақты ұйымдастыруды тапсырды. Сонымен қатар, қарамағындағы қызметкерлер арасында қоршаған ортаны қорғау мен тазалық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігі жүктелді.

Жиын қорытындысында аудан әкімі барлық жауапты тұлғаларға берілген тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеп, белгіленген көрсеткіштерді сақтап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі жандандыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Облыс әкімінің жұмыс сапары

Өзекті мәселелер зерделенді



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ұлытау облысының әкімі Есет БАЙКЕН қызметіне тағайындалған күннен бастап өңірдің тыныс-тіршілігін өз көзімен көріп, аудан-қалаларды аралауға басымдық беріп келеді. Алғашқы жұмыс сапарларының бірі аудан орталығы – Ұлытау ауылында өтіп, онда әлеуметтік-экономикалық даму, инфрақұрылым және халықтың тұрмыс сапасына қатысты өзекті мәселелер көтерілген болатын. Енді өңір басшысы ауданның шалғай ауылдары мен кенттерін аралап, жергілікті жердегі нақты ахуалмен танысуға кірісті.

→ 2-бетте

Ауылым — алтын бесігім

Егінді: жарты ғасырлық жол, жарқын белес



Альмира ОСПАН

Әр ауылдың өзіндік тарихы, тағылымы, ел жадында сақталған еңбек шежіресі бар. Ұлытау өңіріндегі Егінді ауылының да өткені — маңдай термен жазылған мерейлі тарих. Биыл сол тарихтың бастауына айналған елді мекеннің құрылғанына 50 жыл толып отыр.

→ 3-бетте

Облыс әкімінің жұмыс сапары

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұл – облыс дамуының шынайы көрінісін бағалап, әрбір елді мекеннің ерекшелігі мен қажеттілігін ескере отырып шешім қабылдауға бағытталған жүйелі жұмыстың жалғасы.

Жұмыс сапары аясында облыс әкімі Жезді және Қарсақбай кенттері мен Байқоңыр ауылындағы әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық нысандарды аралап, олардың қазіргі жағдайына жан-жақты баға берді. Мұндай сапарлардың ерекшелігі – кабинеттегі есеппен шектелмей, тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін мәселелерді сол жерде көріп, жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеуінде.

Сапар барысында білім беру, денсаулық сақтау және спорт нысандарының жұмысына ерекше назар аударылды. Себебі, кез келген өңірдің тұрақты дамуы ең алдымен әлеуметтік инфрақұрылымның сапасына байланысты. Бұл бағыттағы мәселелерді зерделеу ауыл тұрғындарының өмір

Өзекті мәселелер зерделенді



қана қоймай, тұрғындардың әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін арттырып, өңірдің инвестициялық тартымдылығына да оң ықпал етеді.

Жұмыс сапары «Бұланты шайқасы» тарихи кешеніне барумен қорытындыланды. Бұл – ұлттық тарихты ұлықтау мен тарихи орындарды дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың жалғасып жатқанын көрсететін маңызды қадам. Туристік әлеуеті жоғары мұндай нысандар өңір экономикасының қосымша драйверіне айналуы мүмкін.

Жалпы алғанда, облыс әкімінің бұл жұмыс сапары бірнеше маңызды бағытты айқындап берді. Біріншіден, әлеуметтік нысандардың жай-күйі мен халыққа көрсетілетін қызмет сапасы бақылауда тұр. Екіншіден, жол және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту өңірлік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде қарастырылуда. Үшіншіден, өндірістік және тарихи нысандарды қатар дамыту арқылы экономикалық өсім мен мәдени мұраны сақтау арасындағы сабақтастық қамтамасыз етілуде.

Сапар қорытындысында



Жұмыс сапары барысында инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуына ерекше көңіл бөлінді. Облыс әкімі Жезді-Қоскөл автомобиль жолындағы орташа жөндеу жұмыстарының барысын тексеріп, жол құрылысының белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқталуының маңызын атап өтті. Жол – елді мекендердің экономикалық белсенділігі мен тұрғындардың өмір сапасын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Сондықтан көлік қатынасының жақсаруы ауылдардың дамуына жаңа серпін береді.

Байқоңыр ауылына барған өңір басшысы мектеп пен фельдшерлік-акушерлік пункттің жұмысымен танысты. Соңғы жылдары ауылда балалар мен жастар санының тұрақты өсуі байқалып оты-



рғаны ерекше назарға алынды. Бұл ауылдың демографиялық әлеуетінің сақталып отырғанын білдіреді. Мұндай жағдайда білім беру инфрақұрылымын уақыт талабына сай жаңғырту – келешекке салынған инвестиция. Осыған байланысты облыс әкімі ауыл мектебін жаңғырту қажеттігін ерекше атап өтті.

Жол инфрақұрылымын дамыту бағытындағы маңызды жобалардың бірі – Қарсақбай-Байқоңыр автомобиль жолының 51 шақырымдық учаскесіне асфальт төсеу жұмыстары. Өткен жылы басталған бұл жоба биыл толық аяқталады деп жоспарланып отыр. Жобаның жүзеге асуы шалғай ауылдардың қатынасын жақсартып

Есет Байкен жауапты облыстық басқармалар мен аудан әкімдігіне анықталған мәселелерді кезең-кезеңімен шешуді, әлеуметтік және өндірістік нысандардың тиімді әрі сапалы жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл тапсырмалар өңірлердің нақты қажеттілігіне негізделген басқару тәсілінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Ұлытау ауданының шалғай ауылдары мен кенттеріне жасалған бұл сапар өңірдегі өзекті мәселелерді көзбен көріп, нақты шешім қабылдауға бағытталған жұмыс форматының жалғасып жатқанын аңғартты. Мұндай тәжірибе облыстың әрбір елді мекенінің әлеуетін тиімді пайдаланып, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған ұзақмерзімді даму стратегиясының маңызды бөлігі болып саналады.



дармен кездесуі халықтың ұсыныс-пікірін тікелей тыңдап, өңірдің өзекті мәселелерін нақтылауға мүмкіндік берді.

сүру сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі екенін аңғартады.

Өңір басшысы Қарсақбай металлургия зауыты мен гидротехникалық учаскесінің жұмысымен танысып, өндірістік әлеуеттің бүгінгі жай-күйін бағалады. Қарсақбай – қазақ өнеркәсібінің тарихында ерекше орны бар елді мекен. Сондықтан, өндірістік нысандардың тиімді жұмыс істеуі тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, тарихи өндіріс орталығының дамуын сақтап қалу тұрғысынан да маңызды.

Сапар бағдарламасына академик Қаныш Сәтбаевтың музей-үйіне бару да енгізілді. Бұл тарихи-мәдени мұраны сақтау мен оны болашақ ұрпаққа насихаттаудың маңызын көрсетеді. Сонымен қатар, облыс әкімінің жергілікті тұрғын-

Ауылым – алтын бесігім

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егіндінің тарихы 1975 жылдан бастау алады. Сол жылы Ұлытау ауданында егін шаруашылығын дамыту мақсатында «Урожайный» совхозын құру туралы шешім қабылданып, 1976 жылдың 22 шілдесінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен ресми бекітілді. Жаңадан құрылған шаруашылыққа 131 897 гектар жер бөлініп, оның 19 633 гектары егістік алқап болды. Совхоздың орталығы Шолақжал тауының оңтүстігіндегі Дәнсай өзенінің бойына орналасты.

Жаңа ауылдың іргесі қаланған күннен бастап құрылыс жұмыстары қарқын алды. Тұрғын үйлер бой көтеріп, клуб, кітапхана, балабақша, медициналық пункт, байланыс торабы, дүкен, асхана, наубайхана, монша секілді әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Ауыл толық электр желісіне қосылып, шалғайдағы қыстақтарға дейін жарық жетті.

Егінділіктердің ерен еңбегі көп күттірген жоқ. Совхоз диқандары мемлекетке жоспарланған көлемнен екі есеге жуық артық астық өткізіп, мал азығын дайындауда да үздік нәтижелерге қол жеткізді. Озат механизаторлар мемлекеттік марапаттарға ие болып, «Урожайный» совхозы республикаға танылған шаруашылықтардың біріне айналды. 1990 жылы ауыл тарихи атауы – Егінді атауына ие болды.

Жарты ғасырлық мерейтой – тек бір ауылдың ғана емес, осы өлкені өркендетуге еңбек сіңірген бірнеше буын азаматтардың ортақ мерекесі. Осы айтулы датаға орай Тақбала тоғанының жағасында ұйымдастырылған салтанатты шараға елге еңбегі сіңген ардагерлер, ауылдан қанат қаққан түлектер, жерлестер мен қонақтар көптеп жиналды. Мерекенің шымалдығы ауыл тарихынан сыр шертетін театрландырылған қойылыммен ашылып, еңбек адамдары мен ардагерлерге құрмет көрсетілді.

Мерейтойдың ресми бөлігінде Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Алмат Қайратұлы құттықтау сөз сөйлеп, ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан бірқатар азаматтарды марапаттады. Сондай-ақ, Қазақстан Ре-

Егінді: жарты ғасырлық жол, жарқын белес



Ауылдың өткені мен бүгіні туралы баяндаманы Егінді ауылдық округінің әкімі Венера Амангелдіқызы жасап, ауылдың қалыптасу жолы мен еңбек адамдарының жетістіктеріне кеңінен тоқталды. Ардагерлер мен жастар атынан да жүреюкарды тілектер айтылып, мерейтойдың тағылымдық мәні айшықталды.

Елу жылдық тойдың жоғары деңгейде өтуіне ауыл тұрғындары, жастар және әр жылдардағы мектеп түлектері ұйытқы болды. Ұйымдастыру ісіне Ұлытау облы-

баев, 2007 жылғы түлек Сабыржан Кеделов белсене атсалысты. Ал мерекені қаржыландыруға 1966 жылдан 1995 жылға дейін туған мектеп түлектері мен ауыл азаматтары жұмылып, туған жерге деген жанашырлықтың жарқын үлгісін көрсетті.

Мерекенің сәнін ұлттық спорт ойындары келтірді. Аламан бәйгеде Ералиев ауылынан Аманғали Темешбаевтың «Жезкиік» тұлпары топ жарды.



ән мен күйге ұласты. Облыстық филармония өнерпаздары мен ауылдың өнерпаздары сахна төрінде өнер көрсетіп, көштің көркін қыздырды. Бір шаңырақтың баласындай бас қосқан егінділіктер өткенге тағзым етіп, бүгінгі берекеге шүкіршілік айтып, келешекке сеніммен көз тікті.

Елу жыл – тарих үшін қасқағым сәт болғанымен, бір ауыл үшін тұтас дәуір. Сол дәуірдің әр бетінде адал еңбек, ауызбіршілік, туған жерге деген сүйіспеншілік жатыр. Осындай құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп келе жатқан Егіндінің мерейі асқақтап, ырысы мен ынтымағы арта бергей.



спубликасы Ауыл шаруашылығы салалық кәсіподақтар федерациясының Ұлытау облыстық филиалының төрағасы Мақсұт Сәрсенбайұлы ізгі лебізін білдірді.

сы әкімі аппаратының басшысы, №8 Егінді мектебінің 1995 жылғы түлегі Кеңірбай Смағұлов, 1984 жылғы түлек Зауре Әбдуалиева, 1996 жылғы түлек Аманай Құда-

Егінді ауылының мерейтойы – ел бірлігінің айғағы

Биыл тарихы тағылымға, бүгінгі берекеге толы Егінді ауылы өзінің 50 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Жарты ғасырлық белесті ұлықтаған салтанатты шараға ауыл тұрғындары мен алыстан ат арытып келген қонақтар жиналып, туған жердің өткені мен бүгініне тағзым жасады.

Мерекелік бағдарлама қонақтарды қарсы алып, ақсақалдардың ақ батасымен басталды. Шара барысында ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер мен еңбек адамдарына, өнегелі отбасыларға құрмет көрсетіліп, арнайы марапаттар табысталды. Сондай-ақ С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры әртістері сахналаған Егінді ауылының тарихына арналған қойылым көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Бұдан бөлек, ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылып, киіз үйлер тігіліп, ауылдың қонақжай дәстүрі кеңінен насихатталды. Кешкілік концерт мерекенің сәнін келтіріп, жиналған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Осындай ауқымды мерекенің жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан ауыл жастарына, мектеп түлектеріне, демеушілерге, еріктілерге және ұйымдастыру жұмысына атсалысқан барша азаматтарға ауыл тұрғындары атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Елдің бірлігі мен туған жерге деген жанашырлықтың арқасында Егінді ауылының мерейі асқақтап, шежіресіне тағы бір жарқын белес қосылды. Туған жердің болашағына бейжай қарамайтын осындай азаматтар барда Егінді ауылының келешегі кемел боларына сенім мол.

Ыстық ықыласпен, Есенбековтер, Ершұмановтар және Ибраевтар отбасылары.

Ахуалың қалай, ауыл?

Қоскөл – даму бағыты айқын ауыл

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ұлытау өңірінің шалғайында орналасқан Қоскөл ауылы бүгінде дәстүрлі мал шаруашылығын заман талабына сай дамытуды көздеген, әлеуметтік инфрақұрылымы жаңарып, тұрғындарының тұрмыс сапасы біртіндеп жақсарып келе жатқан ауылдардың бірі. Ұлытау ауданына қарасты Қоскөл ауылдық округі географиялық орналасуы жағынан ерекше аймақ саналады. Оның аумағы Қостанай, Ақтөбе және Қызылорда облыстарымен шектесіп, жалпы жер көлемі 733 мың гектардан асады. Осындай кең байтақ аумақта бүгінде 645 тұрғын еңбек етіп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосуда.

Қоскөлдің қалыптасу тарихы өткен ғасырдың ортасымен тығыз байланысты. Ел бұл өңірді 1943 жылдан бастап қоныстана бастады. Ал 1974 жылы Сәтбаев совхозының құрылуы ауылдың өркендеуіне серпін беріп, Қоскөл сол кезеңде ауданның ең табысты шаруашылықтарының біріне айналды. Тәуелсіздік жылдарында совхоз тарағанымен, ауылдың еңбекке деген дәстүрі сақталып, жеке шаруашылықтар қалыптасты. Бүгінде Қоскөл – ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік саланы қатар дамытуға бет бұрған елді мекен.

Мал шаруашылығы – экономиканың негізгі тірегі

Қоскөл ауылдық округінің экономикасы негізінен мал шаруашылығына сүйенеді. Қазіргі уақытта округ аумағында 68 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Оның ішінде бір шаруашылық асыл тұқымды ірі қара өсірумен айналысса, алты шаруашылық селекциялық жұмыстар жүргізуде. Бұл көрсеткіштер өңірдегі мал сапасын жақсартып, өнімділікті арттыруға бағытталған жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқанын аңғартады.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығында жаңа серпін берген жобалардың бірі – «Еділбай-Қоскөл» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің құрылуы. Кооператив жетекшісі Эльмира Өмірханқызы мемлекеттік бағдарлама аясында жеңілдетілген 2,5 пайыздық несие алып, асыл тұқымды



Еділбай қойларын сатып алды. Қазіргі таңда кооперативтің ұзақ мерзімді жоспары – 2028 жылға дейін бес мың бас қой өсіріп, екі мың басқа арналған бордақылау алаңын іске қосу.

Бұл жоба ауыл экономикасын әртараптандырумен қатар, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, өнім көлемінің артуына және өңірдің ет өндірісіндегі әлеуетін көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге Қоскөл шаруалары облыстық және республикалық ауыл шаруашылығы жәрмеңкелеріне тұрақты қатысып, өз өнімдерін халыққа қолжетімді бағамен ұсынып келеді. Бұл ауыл өнімдерінің нарыққа шығуына және жергілікті кәсіпкерлердің тәжірибе жинауына оң әсерін тигізуде.

Мал шаруашылығының тұрақты дамуы ветеринариялық қызметтің сапасына тікелей байланысты. Бұл салада «Серпін» бағдарламасы арқылы келген жас маман – Жәдігер Саржадинов еңбек етуде. Жас кадрлардың ауылға келуі – мемлекеттік бағдарламалардың нақты нәтижесінің бірі.

Биыл аудандық бюджеттен 8,5 миллион теңгеге жуық қаржы бөлініп, жаңа мал қорымы салынып жатыр. Бұл – ветеринариялық қауіпсіздікті күшейтіп, жұқпалы аурулардың алдын алуға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жоба.

Инфрақұрылым жаңарып келеді

Қоскөл ауылының инженерлік инфрақұрылымы кезең-кезеңімен жаңғыртылуда. Барлық тұрғын үйлермен әлеуметтік нысандар электр энергиясымен толық қамтылған. Биыл көше жарықтарын жөндеуге қаржы бөлініп, ауылдың түнгі қауіпсіздігі жақсаруда.

Аббаттандыру жұмыстары аясында ауыл кіреберісіне сәнді арка орнатылып, жаңа балалар ойын алаңы пайдалануға берілді. Бұл тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстардың нақты көрінісі.

Алдағы маңызды

өртке қарсы қызмет орналасқан. Теміржол саласында 112 адам еңбек етеді. Бұл – ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып отырған ең ірі жұмыс берушілердің бірі.

2026 жылдан бастап «Қарағанды – Ақтау» және «Қызылорда – Астана» бағытындағы жүрдек жолаушылар пойыздарының қатынай бастауы Қоскөлдің көлік қатынасын жақсартып, ауылдың өңіраралық байланысын нығайтты.

Білім, денсаулық, мәдениет һәм спорт

Қоскөлдегі №11 жалпы білім беретін мектепте бүгінде 109 оқушы білім алуда. Білім ордасында 24 педагог қызмет етеді. Соңғы жылдары мектепке жас мамандар келіп, кадрлық әлеует нығая түсті. 2023 жылы жаңа физика, химия және биология кабинеттері жабдықталып, оқу процесінің сапасы

ықпал ететін маңызды әлеуметтік нысанға айналды.

Қоскөлдегі жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің пайдалануға берілуі ауыл медицинасы үшін маңызды оқиға болды. Заманауи медициналық нысан тұрғындарға алғашқы медициналық көмекті сапалы көрсетуге мүмкіндік беріп отыр. Мекеме жаңа жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз етілген. Бұл шалғай ауыл тұрғындары үшін медициналық қызметтің қолжетімділігін едәуір арттырды.

Ауылдағы клуб пен кітапхана тұрғындардың мәдени өмірінің орталығына айналған. Биыл клуб ғимаратына модульдік қазандық орнатылып, материалдық базасы жақсарды.

2022 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан өрт сөндіру бекеті бүгінде толық материалдық-техникалық жарақтандырылған. Биыл жаңа гараж іске қосылып, облыстық төтенше жағдайлар департаменті арнайы өрт сөндіру көлігін табыстады.

Қоғамдық тәртіпті ауылдық полиция инспекторы қамтамасыз етеді. Дегенмен шешімін толық таппаған мәселелердің бірі – малды ұйымдасқан түрде бағу. Бақташы тапшылығы салдарынан теміржол бойында малдың пойыз астына түсу оқиғалары әлі де кездеседі. Бұл – алдағы уақытта бірлесіп шешуді қажет ететін өзекті мәселе.

Болашақтың бағыты

Қоскөлдің даму жоспары нақты жобалармен толыққан. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2025–2027 жылдары сүт өнімдерін өндіру, қасапхана ашу, жылыжай ұйымдастыру, шаштараз, шиномонтаж шеберханасын іске қосу және жылқы шаруашылығын дамыту көзделген. Бұл жобалар ауыл экономикасын әртараптандырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, тұрғындардың табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Сайып келгенде, Қоскөл – табиғи әлеуеті мол, еңбек дәстүрі қалыптасқан ауыл. Соңғы жылдары әлеуметтік инфрақұрылымның жаңаруы, білім мен денсаулық сақтау нысандарының заман талабына сай жабдықталуы, спорт пен мәдениетке жасалған қолдау ауылдың жаңа даму кезеңіне аяқ басқанын көрсетеді.

Сонымен қатар ауылдың болашағы үшін шешімін күтетін мәселелер де жоқ емес. Ауыз су жүйесін жаңарту, мал бағу мәдениетін жетілдіру, кәсіпкерлікті дамыту және халық санын тұрақтандыру бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек.

– Қоскөлдің бүгінгі келбеті – мемлекет қолдауы мен ауыл тұрғындарының бірлескен еңбегінің нәтижесі. Ең бастысы – ауылда даму бар, жоспар бар, еңбекке деген сенім бар. Демек, Қоскөлдің ертеңіне деген үміт те нық, – дейді ауыл әкімі Нұрлан Жүгінісов әңгімесін түйіндей келіп.



жобалардың бірі – ауыз су жүйесіне күрделі жөндеу жүргізу. Бұл тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге бағытталған.

Байланыс жүйесі де тұрақты жұмыс істейді. Телефон, Beeline байланысы және интернетке негізделген байланыс құралдары қолжетімді. Сонымен қатар электр энергиясы үзілген жағдайда пайдаланылатын дизельді генератордың болуы ауылдың төтенше жағдайларға дайындығын көрсетеді.

Қоскөлдің басты артықшылықтарының бірі – халықаралық маңызы бар «Жезқазған – Бейнеу» теміржолының бойында орналасуы. Қоскөл станциясында вокзал, әкімшілік ғимарат, вагон жөндеу депосы, жоғары кернеулі электр станциясы және

артты. Биыл мектеп ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Ал «Ертөстік» балабақшасында 35 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балабақшада 19 қызметкер еңбек етеді.

Балалардың жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі уақытта дзюдо үйірмесіне 42 оқушы қатысып, спорттық дайындықтан өтуде. Жалпы, спорт саласында да серпінді өзгерістер бар. 67 миллион теңгеден астам қаржыға жаңа спорт аңғары салынып, балалар мен жастар тұрақты түрде спортпен айналысуда. Сонымен қатар ауылдың 50 жылдық мерейтойы қарсаңында заманауи Street Workout кешені пайдалануға берілді. Жаңа спорт алаңы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, салауатты өмір салтын қалыптастыруға



Қастерлі қазына

Ұлттық ғылымның бастауы: Қ.Сәтбаев және тұңғыш қазақ алгебрасы

1926 жылы 3 тамызда Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты «Сәтбаевтың алгебра оқулығын 3 мың дана етіп басып шығару» туралы бұйрық шығарды.

Семейде қызмет етіп жүргенде 19 жасар Сәтбаев Том университетіне түсу мақсатында сол университеттің математика факультетін бітірген Ғарифолла Ныметуллин деген мұғалімнен қыс бойы математика пәнінен қосымша сабақ алады. 1919 жылы Қ.Сәтбаев қатты сырқаттанып, дәрігер С.Н.Разумовскийдің айтуымен қымыз ішіп емделу үшін ауылына қайтады. Ауылда сауатсыздықты жою жұмыстарына араласып, ауылдағы мектепте сабақ беріп, мұғалімдік қызметін бастап кетеді. 20 жасар Қаныш Сәтбаев тәжірибе үшін оқулық жаза бастады.

1920 ж. қазан айында құрылған Ахмет Байтұрсынұлы жетекшілік еткен Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты қазақтың көзі ашық, білімді оқымыстыларына ғылымның әр саласынан оқулық жазу туралы тапсырма береді. 1919 жылы жазылып басталған «Алгебра» оқулығын Қаныш Сәтбаев орыс ғалымы математик Андрей Петрович Киселевтың оқулығынан аударды. 1924 жылы «Алгебра» оқулығының қолжазбасы Халық Ағарту комиссариатының ғылыми-әдеби кеңесінде мақұлданады.

«Азамат Сәтбаевтың қолжазбасы екінші басқыш мектепке арналған алгебра оқулығы болып табылады. Ол қарапайым, оңай тілмен жазылған. Есептері мен мысалдарының көбі қазақ тұрмысынан алынған. Материалдарының орналасуы екінші басқыш еңбек мектебі программасы талабына толық сай...» деп көрсетілген қаулыда. Оқулықты дайындау барысында Қ.Сәтбаев Киресубликаның Халық ағарту комиссариатымен хат жазысып, Орынборға екі рет барып қайтқан. 1926 жылдың 3 тамызында Ағарту комиссариатының алгебра оқулығын 3 мың



«АЛГЕБРА». СӨЗБАСЫ.

«Оқушылардың алдына тартылып отырған кітап 1919 жылдан былай басталып, одан бері әртүрлі толастар арқылы созылып келіп, 1924 жылдың ішінде аяқталып отыр. Жазылу кезінде пәннің өз жүйесі мен едістемелеу тәсілдерінің қиыншылығының үстіне керекті терминдер табылып отыруы да ауыр жұмыс болды... Кітап ішіне кірген пән сөздерінің бәрі де Орынбордағы Білім кеңесінің талқысына салынып, сыннан өтіп шығып отыр. Сөйтсе де мұндағы терминдердің бәрі де тиісті ұғымдарға үйлес келеді деп кесіп айтуға болмайды. Өйткені тұңғыш нәрсенің іш пен тысы мүлтіксіз, мінсіз және пішінді болып отырмайтындығы мәлім... Қазақ елінің ана тіліндегі мектептерге келсек оқылатын пәндердің тәртібі мен көлемі шәкірттерді толық қанағаттандырады деп айтуға болмайды. Оған түрлі себептер бар. Оқытушылар күшінің тапшылығы, оқу құралдарының кемшілігі, оқытушы адамдарға негіз боларлық ана тілінде жазылған маңызды ғылыми кітаптардың жоқтығы. Жоғарыдағы кемшіліктердің бәрін бір күнде, не бір жылда оңай жоғалтып жіберуге болмайды. Бұл үшін әлі де болса кемінде он, не жиырма жылдық уақыт мезгілі және тынымсыз еңбек керек болмақшы».

Қаныш СӘТБАЕВ.


6-шы маусым, 1924 жыл. Том қаласы.

дана етіп шығару туралы бұйрығы шыққан. Қолжазба Ташкенттегі «Қаз-мембаспасына» да жіберілген. Бірақ, баспада математикалық жазбаларды белгілейтін шрифттар, матрицалардың болмауына байланысты тұңғыш қазақ алгебрасын басып шығару мүмкін болмады.

1927 жылы Мәскеуге «Центриздатқа» жіберіледі. «Центриздат» пен «Казиздат» баспалары арасындағы түсініспеушілік-салдарынан оқулықтағы да баспадан шықпай қалады.

«Академик Сәтбаевтың дербес мұрағатында оқулықтың екі қолжазбасы сақтаулы. Араб әрпімен жазылған нұсқасы - 700 бет, екіншісі латын әрпінде жазылған -1642 парақ», - дейді сәтбаевтанушы, жазушы Медеу Сәрсекке.

1929 ж. латын әрпіне көшуге байланысты Сәтбаев қолжазбаны латын әрпімен жазып шығады. «Латынша



көшірушіре! Қызыл һәм қарасиямен істелген бұл жазбалардың ішіндегі өзгерістерді (өшіру, түзету сияқтылар) мен қарап, дұрыс деп таныдым (менің өз қолыммен жазылған). Сондықтан оларды сол күйінде көшіру керек. Қ.Сәтбайұлы. 6.III.1928...» (М.Сәрсекке)

Қаныш Сәтбаев Қарсақбайда геологиялық қызметте өте ұтымды, тілге жеңіл әрі қарапайым етіп берілгені сүйсіндірді. Ең бастысы – әрбір математикалық ұғымда қазақи ұлттық код бар дер едім. Математикалық атаулардың мағынасы терең түсіндірілген. Мәселен, (-) алым, (*) өсім, ал түбір — «ата-тек», «негіз», «түпкі тамыр» деген ұғымнан бастау алатыны логикалық әрі ұлттық дүниетанымға сай дәлелденген. Тұңғыш қазақша алгебра оқулығымен танысып, іздену нәтижесінде «Қаныш Сәтбаев – қазақ алгебрасының атасы, геология дәлдігінің шебері» зерттеу жоба дайындадым. Бұл жұмысымда ұлы ғалымның оқулығындағы математикалық терминдерді саралап, оның заманауи математикадағы мәні мен ерекшеліктері талданды. Зерттеу әріптестерім тарапынан жоғары бағаланды. Қазақтың бас ғалымының артында қалған мол мұрасын зерттей берсек, ұлағат алар тұстарымыз әлі де көп екені сөзсіз».

Жезді музейі қорындағы 2009 ж. жарық көрген тұңғыш қазақша алгебра оқулығын кент мектептерінің математика пәні мұғалімдері танысып, пікірін білдірді.

Бақдәулет Жарылқасын: «2026 жылғы ақпан айында мектеп ұжымы ұйымдастырған семинарда жергілікті музей қызметкерлері ұсынған көрме дәрісте Қаныш Сәтбаев жазған тұңғыш қазақша алгебра оқулығын көрдім. Оқулықтың мазмұны жайлы білгім келіп, музей қорындағы 2009 жылы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ ғалымдарының бастамасымен қайта басылып шыққан кітаппен та-

ныстым. Оқулықты парақтай отырып ондағы терминология өте ұтымды, тілге жеңіл әрі қарапайым етіп берілгені сүйсіндірді. Ең бастысы – әрбір математикалық ұғымда қазақи ұлттық код бар дер едім. Математикалық атаулардың мағынасы терең түсіндірілген. Мәселен, (-) алым, (*) өсім, ал түбір — «ата-тек», «негіз», «түпкі тамыр» деген ұғымнан бастау алатыны логикалық әрі ұлттық дүниетанымға сай дәлелденген. Тұңғыш қазақша алгебра оқулығымен танысып, іздену нәтижесінде «Қаныш Сәтбаев – қазақ алгебрасының атасы, геология дәлдігінің шебері» зерттеу жоба дайындадым. Бұл жұмысымда ұлы ғалымның оқулығындағы математикалық терминдерді саралап, оның заманауи математикадағы мәні мен ерекшеліктері талданды. Зерттеу әріптестерім тарапынан жоғары бағаланды. Қазақтың бас ғалымының артында қалған мол мұрасын зерттей берсек, ұлағат алар тұстарымыз әлі де көп екені сөзсіз».

Ү.ҚАПАРОВА,
Мәкен Төрегелдин
атындағы тау-кен
және балқыту ісі тарихы
музейінің бөлім
меңгерушісі.

Шетелде дауыс беру туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданабаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданабағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

Қауіпсіз үй — әр отбасының басты құндылығы

Ұлытау ауданы аумағында 31 шілде мен 01 тамыз аралығында «Қауіпсіз үй» республикалық жедел профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты – тұрғын үй секторындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің жолын кесу, азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Сондықтан, аудан тұрғындарын заң талаптарын сақтауға, өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және құқық бұзушылықтар мен күмәнді жағдайлар туралы уақытылы құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырамыз.

Асылзат ЖАҢБЫРШИЕВА,
Ұлытау ауданы ПБ ҚҚБ ӘЗЗҚ тобы инспекторы, полиция капитаны.

Жыл сайын 5 тамызда елімізде медиаторлардың кәсіби мерекесі атап өтіледі. Бұл күннің ерекше мәні бар, өйткені дәл осы күні, 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы күшіне енді. Медиация институтының негізгі мақсаты – қоғамда дауларды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастыру. Медиация азаматтарға құқықтық көмек пен кеңес беруге, тараптардың өзара тиімді келісімге келуіне, дауларды сотқа жеткізбей шешуге мүмкіндік береді.

Медиация – татулық пен келісімнің кепілі



Осы жылдар ішінде медиация саласында ауқымды жұмыстар атқарылды. Медиатор – дауласушы тараптардың ортақ келісімге келуіне ықпал ететін бейтарап тұлға. Қазақстанда заң талаптарына сәйкес, кәсіби және қоғамдық медиаторлар қызмет етеді.

2024 жылғы 1 шілдеде Жезқазған қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Ұлытау облыстық Билер кеңесінің ұлықтау рәсімі өтті. Кеңестің құрамына өңірдің беделді ақсақалдары, кәсіби медиаторлар, құқық қорғау органдары мен сот саласында қызмет атқарған тәжірибелі азаматтар енді.

Ұлытау облыстық Билер кеңесінің құрамында: Нұрлан Мәлікұлы Тәбілғанов – билер алқасының төрағасы; Жұлдыз Ахметжанқызы Есмұрзина – төрағаның орынбасары; орынбасар Тастанбаев – бас би; Батырбек Тыныштықбайұлы Мырзабек, Мұрат Сүтенұлы Казамбаев, Жарқынбек Бөлендин, Мархат Ысқақұлы Хамитов, Қанат Смағұлов, Бимурат Жұмашұлы, Думанбек Рахымұлы Нұрахметов, Дүйсембек Ерғалиұлы Сарбасов және Өмірхан Бұзауұлы Құдаспаев – аға билер.

Бүгінде облыстық Билер кеңесі Сәтбаев қаласы мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарында жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан Республикасының кез келген азаматы медиация рәсіміне жүгінуге құқылы. Медиация сотқа дейін де, сот процесі барысында да қолданылуы мүмкін.

Медиация еңбек, отбасылық, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешуде кеңінен пайдаланылады. Сонымен қатар, заңда көзделген жағдайда онша ауыр емес, орташа ауырлықтағы және кейбір ауыр қылмыстық істер бойынша да медиация рәсімін қолдануға мүмкіндік бар. Алайда, қылмыстық істерде медиацияны пайдалану үшін іс сот өндірісіне түсуі қажет.

Медиация – дауды шешудің өркениетті жолы. Оның негізінде еріктілік, бейтараптық және құпиялылық қағидаттары жатыр. Медиатор ешбір тараптың мүддесін қорғамайды, керісінше, екі жақтың өзара тиімді келісімге келуіне ықпал етеді.

Медиация көбіне отбасылық, еңбек, азаматтық және жеңіл қылмыстық дауларды шешуде қолданылады. Оның басты мақсаты – тараптарды сотқа жеткізбей, екі жаққа да тиімді әрі әділ шешім табуға көмектесу, қоғамдағы татулық пен өзара түсіністікті нығайту.

Ұлытау облысында медиация саласының дамуына Халықаралық Медиация орталығының облыс бойынша бас кәсіби медиаторы Жұлдыз Ахметжанқызы Есмұрзина зор үлес қосып келеді. Кәсіби мереке қарсаңында Жұлдыз Ахметжанқызын құттықтап, еңбегіне толайым табыс, абырой мен ұзақ ғұмыр тілейміз.

Думанбек НҰРАХМЕТОВ,
Ұлытау облыстық Билер кеңесінің аға биі.

Медициналық ұйымға бекіту — мемлекеттік көрсетілетін қызметтің маңызды бағыты

Халық арасында сұранысқа ие мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірі – «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі болып табылады. Аталған қызмет Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығымен бекітілген Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Медициналық ұйымға бекіту – әрбір азаматтың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӨМС) жүйесі аясында қажетті медициналық көмек алуына мүмкіндік беретін маңызды қызметтердің бірі. Азамат медициналық ұйымға бекітілгеннен кейін сол ұйым арқылы дәрігер қабылдауына жазылып, профилактикалық тексерулерден өтіп, алғашқы медициналық-санитариялық көмек ала алады.

Бұл мемлекеттік қызметті медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін емханалар мен медициналық ұйымдар ұсынады. Азаматтар медициналық ұйымға тікелей барып немесе «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы онлайн түрде өтініш бере алады. Медициналық ұйымға барып жүгінген жағдайда қызмет 1 жұмыс күні ішінде көрсетіледі, ал электрондық үкімет порталы арқылы берілген өтініш сол күні қаралады.

Қызмет көрсету нәтижесінде азаматқа медициналық ұйымға бекітілгені туралы хабарлама беріледі. Егер заңнамада көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін жағдайлар анықталса, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту себептері көрсетілген дәлелді жауап ұсынылады.

Азаматтар медициналық ұйымды өз еркімен таңдауға құқылы. Бекіту тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша жүзеге асырылады. Әр азамат бір ғана медициналық ұйымға бекітіледі. Егер азамат жаңа медициналық ұйымды таңдаса, бұрынғы ұйымнан шығару автоматты түрде жүргізіледі.

Медициналық ұйымға қайта бекітілу азаматтың тұрғылықты немесе уақытша тұратын жері өзгерген жағдайда, медициналық ұйымды еркін таңдаған кезде, жыл сайынғы бекіту науқаны барысында, сондай-ақ медициналық ұйым қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, кейбір азаматтарға бекіту кезінде ерекше жағдайлар қарастырылған. Мысалы, бес жасқа дейінгі балалар ата-анасының немесе заңды өкілінің нақты тұратын жері бойынша медициналық ұйымға бекітіле алады. Жүкті әйелдер нақты тұратын жері бойынша тіркеледі. Ал басқа елдімекенде білім алып жүрген студенттер оқу орнына жақын орналасқан медициналық ұйымды таңдай алады.

Медициналық ұйымға бекіту үшін азамат жеке басын куәландыратын құжатпен өтініш береді. Кейбір жағдайларда қосымша құжаттар қажет болуы мүмкін. Мысалы, баланың заңды өкілі, қамқоршы немесе белгілі бір әлеуметтік санатқа жататын азаматтар өз мәртебесін растайтын құжаттарды ұсынады. Ал eGov порталы арқылы өтініш берген кезде қажетті жеке мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алынады.

раттық жүйелерден автоматты түрде алынады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту тек заңда белгіленген негіздер болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Атап айтқанда, ұсынылған құжаттардағы немесе мәліметтердегі анық еместігі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының немесе ұсынылған деректердің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, уәкілетті органдардың теріс қорытындысы болған кезде, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту ұсынылады.

Егер азамат мемлекеттік қызмет алу кезінде қиындықтарға тап болса, мысалы, қызмет көрсету мерзімі бұзылса, заңда қарастырылмаған құжаттар талап етілсе немесе негізсіз бас тарту орын алса, өз құқықтарын қорғауға құқылы. Ол үшін алдымен медициналық ұйым басшысына немесе мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылауға жауапты уәкілетті органдарға (ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті) шағым бере алады. Қажет болған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге мүмкіндік бар.

Медициналық ұйымға уақытылы бекіту – денсаулықты сақтаудың маңызды қадамдарының бірі. Бұл азаматтарға медициналық көмекті дер кезінде алуға, дәрігерлердің бақылауында болуға және медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Динара БАКИРОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бас маманы.

Егін жинау және жем-шөп дайындау кезеңінде өрттің шығу қаупі жоғары болады. Олардың 80%-ы адамның әрекеті әсерінен туындайды. Жоғарғы температура және жауын-шашынның болмауы, күшті жел өрттің туындауына қолайлы жағдай тудырады.

Егістік алқаптарындағы өрт қауіпсіздігі — басты назарда

Адамның әдеттегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауы қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Астық және шөп массивтерінің маңызды аумақтары жанып, материалдық залал келтіріледі. Отты абайсыз қолдану, бықсып жанған темекінің тұқылы, балалардың сіріңкемен ойнауы, ауыл шаруашылығы техникасының және көліктің ақаулы ұшқын сөндіргіштері, найзағайлар жиі апатты салдарға әкеледі.

Өрттің алдын алу үшін өрт қауіпсіздігі режимі мен қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Егін жинауға және жем-шөптер дайындауға дейін оған қатысатын барлық тұлғалар өртке қарсы нұсқаулықтан өтуі тиіс. Ал егін жинау агрегаттары мен автокөліктер алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жарақтандырылады, ақаусыз ұшқын сөндіргішпен жабдықталып және ток алу, қосылу және майлану жүйесі реттелуі керек. Өртті сөндіру үшін су қорларымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Астық пісердің алдында астық алқаптары периметрі бойынша кеңдігі 4 метрден кем емес жолақпен жыртылады. Жиналатын астық алқаптарынан жақында өрт жағдайында жану аймағын жырту үшін соқалы тракторлар орналастырылады. Астық пісуі кезеңінде алқаптарды қорғау үшін патрульдік және далалық қорықшы бақылаушыларын бөлу қажет. Жем-шөп дайындау орындары мен жандарында ашық отты қолданумен жұмыс істеуге, астық алқаптарында темекі шегуге тиым салынады.

Ұлытау ауданы
ТЖ бөлімі.

Хабарлама

«Capital Stroy V» ЖШС (БИН 191040011321) 2026 жылғы 13 ақпандағы №4097-ЕЛ лицензиясы негізінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары құрамындағы қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдаулар 11.09.2026 жылғы сағат 10.00-де Ұлытау облысы Ұлытау ауд., Қорғасын ауылы, әкімдік ғимаратында өтеді. Онлайн форматта қатысу үшін: сәйкестендіргіш 814 6663 8399, кіру коды 387407.

ЖАО: «Ұлытау облысының ТР және ТПРБ» ММ; 87016355510, ulytau.obl_priroda@mail.ru. Жоба бойынша құжаттама ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және ЖАО-ның сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған. Барлық ескертулер мен ұсыныстар ҰДБ порталында немесе ЖАО-ның e-mail арқылы қабылданады. Қосымша ақпаратты 87058743858 арқылы алуға болады.

Объявление

ТОО «Capital Stroy V» (БИН 191040011321) уведомляет о проведении общественных слушаний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие в составе Плана разведки твердых полезных ископаемых по лицензии №4097-ЕЛ от 13.02.2026 г. Слушания состоятся 11.09.2026г. в 10.00 по адресу: область Ұлытау Улытауский р-он, с.Корғасын, здание акимата. Для участия в онлайн-формате: идентификатор 814 6663 8399; код 387407.

МИО: ГУ «УПРиРП области Ұлытау»; 87016355510, ulytau.obl_priroda@mail.ru. Документация по проекту размещена на портале НБД <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО в разделе «Общественные слушания». Замечания и предложения принимаются портале НБД либо на e-mail МИО. Доп.информацию можно получить по номеру 87058743858.

Айнама

Заң және біз

Ұлттық тәрбие — ұлт болашағының берік тұғыры

Альмира ОСПАН

«Бала тәрбиесі — бесіктен» деген дана халқымыз ұрпақ тәрбиесін қашанда ұлттың ең асыл құндылығы санаған. Себебі бүгінгі сәби — ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын азамат. Ал саналы, білімді әрі ұлттық рухы биік ұрпақ тәрбиелеуде ананың орны айрықша. Осы мақсатты негізге алған тағылымды кездесу Ұлытауда жас аналардың басын қосты.



Аудан әкімдігінің қолдауымен, Жастар орталығының ұйымдастыруымен өткен кездесудің қонағы — этнопедагог, ұлттық құндылықтарды дәріптеуші Құндыз Оралжан болды. Ұлт тәрбиесінің мәйегін дәріптеп жүрген спикер жас аналармен еркін форматта пікір алмасып, бала тәрбиесінің өзекті мәселелері жөнінде келелі ой қозғады.

Іс-шараның ашылуында аудан әкімінің орынбасары Алмат Сакипов сөз сөйлеп, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған мұндай кездесулердің қоғам үшін маңызы зор екенін атап өтті. Ол жас аналардың рухани дамуына, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы институтын нығайтуға бағытталған игі бастамалардың әрдайым қолдау табатынын жеткізді. Кездесу соңында аудан әкімдігі атынан Құндыз Оралжанға алғыс білдіріліп, сый-сияпат табыстады.

Кездесу барысында ұлттық тәрбиенің бала тұлғасының қалыптасуындағы орны, сәби дүниеге келген сәттен бастап берілетін тәлімнің маңызы, ата-ананың жауапкершілігі, кітап оқуға баулу,

баланың ойлау қабілеті мен тілін дамыту жолдары кеңінен әңгіме болды. Спикер халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының әрқайсысының астарында терең тәрбиелік мән жатқанын мысалдар арқылы түсіндіріп, ұлттық педагогиканы бүгінгі өмірмен ұштастыра білудің маңызын айтты.

Сондай-ақ, балаға тек материалдық жағдай жасап беру жеткіліксіз екеніне тоқталған Құндыз Оралжан ең алдымен отбасындағы мейірім, ата-ананың өзара сыйластығы, кітап оқуға деген қызығушылығы мен жеке өнегесі баланың тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер ететінін атап өтті. Ол баланың бойына ұлттық рух пен адамгершілік қасиеттерді сіңіру ең алдымен ата-ананың күнделікті іс-әрекетінен басталатынын ерекше жеткізді.

Жас аналар да өздерін толғандырған сауалдарын қойып, күнделікті өмірде кездесетін тәрбиелік мәселелерді ортаға салды. Ашық пікір алмасу форматында өткен жүздесу қатысушылардың

ерекше қызығушылығын тудырып, әр ана өзіне қажетті пайдалы кеңестер мен тың ой түйді.

Тағылымды кездесудің әсері залдағы жылы атмосферадан-ақ сезілді. Аналар бір-бірімен пікір бөлісіп, алған әсерлерін ортаға салып, осындай мазмұнды басқосудардың жиі ұйымдастырылғанын қалайтындарын жеткізді. Олар ұлттық тәрбие жайлы айтылған ойлардың әр отбасы үшін құнды екенін атап өтті.

Ұрпақ тәрбиесі — ұлттың ертеңіне салынған ең қымбат инвестиция. Сондықтан ұлттық құндылықтарды ұлықтап, жас аналардың тәрбиелік танымын кеңейтетін мұндай кездесулердің мәні мен маңызы қашанда жоғары. Рухани азыққа толы басқосудан жас аналар ерекше әсер алып, жүректеріне жаңа серпін, саналарына тың ой түйіп тарқасты. Мұндай игі бастамалар ұлттық болмысты сақтауға, саналы ұрпақ тәрбиелеуге және отбасы құндылықтарын нығайтуға қызмет ете беретіні сөзсіз.

Ұлытау аудандық орталықтандырылған кітапханасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтардың заңға деген құрметін арттыру және құқықтық сауаттылықты насихаттау мақсатында «Заңға құрмет — елге құрмет» атты заң қызметкерлерімен кездесу өтті. Танымдық іс-шара тұрғындардың құқықтық білімін кеңейтіп, заң талаптарын түсіндіруге және қоғамда заң үстемдігін дәріптеуге бағытталды.

Заңға құрмет — елге құрмет



Кездесуге құқық қорғау саласының мамандары қатысып, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, қоғамдық тәртіпті сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға енгізілген өзекті өзгерістер жөнінде жан-жақты ақпарат берді. Мамандар күнделікті өмірде жиі кездесетін құқықтық мәселелерге тоқталып, тұрғындардың заң аясында әрекет етуінің маңызын түсіндірді.

Шара барысында қатысушылар өздерін толғандырған түрлі құқықтық сауалдарын қойып, заң қызметкерлерінен нақты әрі жан-жақты жауап алды. Ашық пікір алмасу форматында өткен кездесу өзара сенімге негізделген еркін диалог алаңына айналып, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік берді. Әсіресе тұрмыстық, еңбек, әлеуметтік қамтамасыз ету және әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты сұрақтар кеңінен талқыланды.

Кездесуде заңды құрметтеу — әрбір азаматтың қоғам алдындағы жауапкершілігінің көрінісі екені ерекше атап өтілді. Құқықтық мәдениеті жоғары қоғамда тәртіп пен тұрақтылықтың нығая түсетіні, ал заң талаптарын сақтау елдің дамуы мен қоғамдық келісімнің басты кепілі екені айтылды. Мамандар жастар арасында құқықтық тәрбиені күшейтіп, заңға бағыну мәдениетін ерте жастан қалыптастырудың маңыздылығына да тоқталды.

Іс-шара соңында кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған құқықтық әдебиеттер көрмесіне шолу жасалды. Көрмеге заң саласына қатысты жаңа басылымдар, анықтамалықтар мен танымдық әдебиеттер қойылып, қатысушылар олармен танысуға мүмкіндік алды. Бұл көрме азаматтардың құқықтық білімін толықтырып, қажетті ақпаратты сенімді дереккөздерден алуына жол ашты.

Осындай мазмұнды кездесулер тұрғындардың құқықтық санасын қалыптастырып қана қоймай, заң үстемдігін нығайтуға, қоғамдағы әділдік қағидаттарын орнықтыруға және мемлекет пен азамат арасындағы өзара сенімді арттыруға ықпал етеді. Заңды құрметтеу — өркениетті қоғамның басты өлшемі, ал құқықтық сауаттылық — әрбір азаматтың өз құқығын қорғап, өз міндетін адал орындауының берік негізі.

Бақытгүл БЕЙБІТОВА,
Аудандық кітапхананың кітапханашысы.



8

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ



«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактор
Альмира ОСПАН

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau-oniri@mail.ru
ulytau_kz40@mail.ru

Газетте жарияланған мақала
авторларының пікірі редакцияның
көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінің Мемзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды
есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80ҰҰ00045634 куәлігі берілген.

Хабарландыру мен құттықтаулардың
мазмұнына редакция жауап бермейді.
Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы: 1000 дана
Көлемі: 4 баспатабақ
Тапсырыс: 30